

**«Бекітілді»
«Самұрық-Энерго» АҚ
басқармасының шешімімен
2015 жылғы «15» қазандағы
№14 хаттама**

**«Бекітемін»
«Алматы энергетика және
байланыс университеті»
КеАҚ ректоры
_____ К. Бакенов
«___» _____ 2015 жыл**

Болашақ энергетиктер арасында физика-математика пәндері бойынша республикалық олимпиада өткізу туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1.1. Болашақ энергетиктер арасында физика-математика пәндері бойынша республикалық олимпиада өткізу туралы осы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) мен «Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – АЭЖБУ) жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарының «Электр энергетикасы» және «Жылу энергетикасы» мамандықтары бойынша күндізгі оқу түрінің 2-3 курс студенттері және бітіруші сынып оқушылары арасында олимпиаданы (бұдан әрі – Олимпиада) бірігіп ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтау үшін әзірленген.

1.2. Олимпиада болашақ мамандарды кәсіби бағдарлау, энергетика саласының мамандықтары туралы түсінік беру, дарынды жастарды анықтау, мамандарды даярлау сапасын арттыру; зерттеу, әкімшілік және өндірістік қызмет үшін кадрлық әлеуетті қалыптастыру мақсатында өткізіледі.

1.3. Олимпиада білім беру ұйымдарының студенттері және бітіруші сынып оқушылары арасында орта және жоғары білімді іске асыратын білім беру ұйымдарының бағдарламалары бойынша білімдері мен дағдыларын шығармашылық тұрғыдан пайдалану түрінде өткізіледі.

Бұл ретте оқушылар үшін жарыстың негізгі пәндері математика мен физика болып табылады.

«Электр энергетикасы» және «Жылу энергетикасы» мамандықтары бойынша күндізгі оқу түрінің 2-3 курс студенттері үшін жарыстың негізгі пәндері «Электр техникасының теориялық негіздері» мен «Жылу энергетикасының теориялық негіздері» болып табылады.

1.4. Олимпиаданы өткізу кезеңдерінің реттілігі, Олимпиадаға қатысу шарттары мен тәртібі Олимпиаданың ұйымдастырушы комитетінің төрағасымен бекітілген Олимпиаданың регламентімен (бұдан әрі – Регламент) реттеледі.

1.5. Олимпиадаға қатысу - тегін.

Олимпиада қатысушыларының іссапар шығындарын (жол жүру, орналасу, тамақтану) қатысушы немесе жіберуші тарап (білім беру ұйымы) төлейді.

2. Олимпиаданы ұйымдастыру

2.1. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті, қазылар алқасы, апелляциялық комиссия құрылады және әр мамандық бойынша төрағалар тағайындалады (жазбаша келісім бойынша).

2.2. Ұйымдастыру комитеті, қазылар алқасы, апелляциялық комиссия АЭЖБУ, Қоғам мен оның еншілес, тәуелді ұйымдарының өкілдерінен құрылады және АЭЖБУ бұйрығымен бекітіледі.

2.3. Олимпиаданы тікелей басқару мен ұйымдастыруды ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

2.4. Ұйымдастыру комитетінің қызметтері:

- қазылар алқасы мен апелляциялық комиссияның қызметін үйлестіреді;

- Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу үшін дайындық іс-шараларды өткізеді;

- Олимпиаданы өткізу мерзімін анықтайды, Олимпиаданың жұмыс орындары мен техникалық жабдықталуын қамтамасыз етеді;

- «Олимпиаданы өткізу регламентін» әзірлейді;

- төлемі ұсынылатын гранттар мен стипендиялар аясында қарастырылған оқу жылын анықтайды;

- Олимпиаданың қазылар алқасы мен апелляциялық комиссиясының құрамын қалыптастырады;

- Олимпиадаға қатысуға өтініштердің қабылдануын және қарастырылуын ұйымдастырады;

- басқа қаладан келген қатысушылардың орналастырылуын ұйымдастырады;

- Олимпиадаға қатысуға жіберу туралы шешімді қабылдайды;

- Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің кандидатураларын бекітеді;

- жеңімпаздардың марапатталуын ұйымдастырады және өткізеді;

- Олимпиада нәтижелері туралы ақпаратты орналастырады.

2.5. Олимпиаданың қазылар алқасының қызметтері:

- Олимпиада тапсырмаларын әзірлейді және бекітеді;

- орындалған тапсырмаларды бағалаудың критерийлері мен әдістемесін әзірлейді;

- Олимпиада қатысушыларының жұмыстарын тексереді, оларды бағалайды;

- Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің кандидатураларын анықтайды;

- Олимпиада нәтижелерінің хаттамасын дайындайды.

Олимпиаданың қазылар алқасы отырысының хаттамасы төраға мен қазылар алқасы мүшелерінің қолдары қойылып, ұйымдастыру комитетіне ұсынылады.

2.6. Апелляциялық комиссия Олимпиада қатысушыларының даулы мәселелерін қарастырады.

Қатысушылар апелляциялық комиссияға Олимпиада нәтижелерін жариялаған күні жүгіне алады.

2.7. Ұйымдастыру комитетінің, қазылар алқасының, апелляциялық комиссияның қорытынды отырысы хаттамаға түсіріліп, ұйымдастыру комитетінің төрағасының қолы қойылады.

3. Олимпиаданы өткізу шарттары мен тәртібі

3.1. Олимпиаданы өткізу шарттары:

Олимпиада жеке біріншілік формасында өткізіледі. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарынан (бұдан әрі – ЖОО) әр мамандық бойынша 2 студенттен кем емес қатыса алады. Орта мектептен бітіру сыныбынан 2 оқушыдан аспауы тиіс.

3.2. Олимпиаданы өткізу тәртібі. Олимпиадаға қатысу үшін өтінімді Олимпиаданың ұйымдастыру комитетіне оқу орнында оқитынын растайтын анықтаманы электронды түрде жіберу қажет. (1 қосымша).

Әрбір қатысушының студенттік билеті және жеке куәлігі болуы тиіс. (жеке куәліксіз Олимпиадаға жіберілмейді).

3.3. Жеңімпаздарды анықтау.

Олимпиадаға қатысушылардың жүлделі орындары Регламентке сәйкес анықталады. Олимпиаданың жүлделі орындарын бөлу бойынша қорытынды шешімді барлық мүшелердің дауыс беруі және хаттамамен ресімдеу арқылы Ұйымдастыру комитеті белгілейді.

3.4. Тапсырмаларды орындауды тексеру және бағалау.

Олимпиада аяқталған соң қазылар алқасының мүшелері конкурстық тапсырманың шешімдерін тексереді және орындалған тапсырмаларға баға береді.

Конкурстық тапсырманы бағалау кезінде қазылар алқасының мүшелері мынаны ескереді:

қатысушылардың игерген материалдарының сапасы;

аса жоғары білім деңгейін, ол оқу бағдарламасында немен қаралғанын; қойылған міндеттерді шешу кезінде шығармашылық тәсіл.

3.5. Жүлделі орындарға бірдей балл санын алған кезде бірнеше адам үміткер болған жағдайда, қазылар алқасы таза салыстырмалы талдау немесе алғашқы парағы арқылы олардың жұмысын қайта қарастырып, Олимпиаданың жүлделі орындарына үміткерлерді белгілейді. Мұндай жағдайда қазылар алқасының шешімі жеке қазылар алқасы мүшелерінің ойымен тең хаттама арқылы ресімделеді.

3.6. Даулы мәселе туындаған жағдайда Ұйымдастыру комитетінің, алқаның және апелляциялық комиссияның жүлделі орындарға үміткерлердің

конкурстық жұмысын қарау үшін бірлескен отырыс өткізіледі және Ұйымдастыру комитетінің, қазылар алқасы, апелляциялық комиссия мүшелерінің қол қойған хаттамасымен ресімделеді.

3.7. Жеңімпаздарды марапаттау.

Олимпиада жүлдегерлері «Самұрық Энерго» АҚ гранттары және стипендияларымен және АЭЖБУ дипломдарымен марапатталады.

3.8. Мектеп оқушылары арасындағы Олимпиада жеңімпаздарына мына наградалар беріледі:

1 орын - АЭЖБУ-те «Электрэнергетика» немесе «Жылуэнергетика» мамандығы бойынша бакалавриатта білім алу үшін Қоғам қаражаты есебінен Қоғам гранты, мектеп оқушысы мемлекеттік білім беру грантын алған жағдайда – шәкіртақы төлемі бір оқу жылына айына 75 мың теңге, 1 дәрежедегі диплом;

2 орын – бір оқу жылына айына 40 мың теңге көлемінде Қоғам шәкіртақысы, 2 дәрежелі диплом;

3 орын - бір оқу жылына айына 30 мың теңге көлемінде Қоғам шәкіртақысы, 3 дәрежелі диплом.

Күндізгі оқу бөлімінің 2-3 курс студенттері арасындағы Олимпиада жеңімпаздары марапатталады:

1 орын – студенттің мемлекеттік білім беру гранты шеңберінде білім алуы жағдайында одан әрі бакалавриатта оқу үшін төлем-Қоғам гранты, бір оқу жылына айына 75 мың теңге, 1 дәрежедегі диплом;

2 орын – бір оқу жылына айына 40 мың теңге көлемінде (10 айға) Қоғам шәкіртақысы, 2 дәрежелі диплом;

3 орын - бір оқу жылына айына 30 мың теңге көлемінде (10 айға) Қоғам шәкіртақысы, 3 дәрежелі диплом.

4 орын - бір оқу жылына айына 20 мың теңге көлемінде (10 айға) Қоғам шәкіртақысы, 4 дәрежелі диплом.

3.9. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге Суреттері мен қысқаша түйіндемелері АЭЖБУ, Қоғамның және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының арнайы сайттарында орналастырылады.

3.10. Жеңімпаздардың суреттері мен қысқаша түйіндемелері Қазақстанның энергетика саласы субъектілерінің - кадрлық қызмет ұйымдарына ұсынылады.

3.10. Олимпиаданы өткізуге байланысты материалдар Ұйымдастыру комитетінде жеңімпаздарды анықтау және қорытындысын шығару туралы шешім қабылдаған күннен кейін 1 бір жыл ішінде Ұйымдастыру комитетінде сақталады.

3.11. Қоғамның гранттары мен шәкіртақылары Қоғамның гранттар мен шәкіртақылар беру тәртібіне сәйкес жеңімпаздар мен жүлдегерлерге ұсынылады.

3.12. «бакалавр» академиялық дәрежесі бойынша студенттерге білім беру төлемі Қоғам мен білім беру ұйымы және студент арасында үш жақты шарт негізінде жүзеге асырылады.

4. Қоғамның грант пен шәкіртақы беру тәртібі

4.1. Қоғамның гранты мен шәкіртақы Олимпиаданың жүлдегерлері мен жеңімпаздарына екі санат бойынша беріледі: бітіруші мектеп оқушылары және жоғары оқу орындарының «Электрэнергетика» және «Жылуэнергетика» мамандықтары бойынша күндізгі бөлімде оқитын 2-3 курс студенттеріне.

4.2. Қоғамның гранты «бакалавр» академиялық дәрежесі бойынша білім алу үшін АЭЖБУ-тің «Электрэнергетика» және «Жылуэнергетика» мамандықтары бойынша оқуға түсу шарты кезінде оқушылар арасында жеңімпаздарға және «Қоғамның қаражаты есебінен білім алушы шарт жасасу үшін студенттерге ұсынылатын шарт негізінде беріледі;

Қоғамның компаниялар тобында бөлу және ұсынылатын лауазымына сәйкес Қоғамның кәсіпорындарында 2 жылдан кем емес белгіленген мерзім ішінде студенттердің өтеуі;

Студенттің кінәсі бойынша білім беру ұйымынан шыққан жағдайда, оқуға жұмсалған қаражатты қайтару жөнінде студенттің міндеттемесі;

4.3. «бакалавр» дәрежесін алу үшін студенттердің оқуының төлемі Қоғам мен білім беру ұйымының арасында үш жақты шарттар негізінде жүзеге асырылады.

4.4. Қоғамның стипендиясы осы Ереженің 3.8. тармағына сәйкес көлемінде және санаты бойынша (10 ай) бір оқу жылына беріледі.

4.5. Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне стипендия төлемі келесі құжаттарды ұсыну шарты бойынша жүзеге асырылады:

4.5.1. «Электрэнергетика» және «Жылуэнергетика» (2-3курс студенттері) мамандықтары бойынша жоғары білім орындарының студенттері үшін:

Факультет деканының қолы және мөрімен расталған үлгерімінің орташа балы туралы анықтама;

Студенттің мамандығы мен оқу курсы көрсетілген білім беру ұйымының анықтамасы;

нотариалды расталған жеке куәлігінің көшірмесі;

студенттің банктік карточкасының көшірмесі;

банктің нөмірі мен атауы көрсетілген картаны ұстаушының банктік карточкасына стипендия аудару туралы студенттің өтініші;

Стипендия төлеу, яғни студент 3,3GPA төмен емес үлгерімінің орташа балы бар кезінде оның ішінде 3,5GPA төмен емес базалық және бейінді пәндер бойынша (мемлекеттік компонент) өткен семестрдің қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

4.5.2. «Электрэнергетика» және «Жылуэнергетика» мамандықтары бойынша АЭЖБУ-ге түскен оқушылар үшін:

Факультет деканының қолы және мөрімен расталған үлгерімінің орташа балы туралы анықтама;

Студенттің мамандығы мен оқу курсы көрсетілген білім беру ұйымының анықтамасы;

нотариалды расталған жеке куәлігінің көшірмесі;

студенттің банктік карточкасының көшірмесі;

банктің нөмірі мен атауы көрсетілген картаны ұстаушының банктік карточкасына стипендия аудару туралы студенттің өтініші;

Төлем яғни студент 3,3GPA төмен емес үлгерімінің орташа балы бар кезінде оның ішінде 3,5GPA төмен емес базалық және бейінді пәндер бойынша (мемлекеттік компонент) өткен семестрдің қорытындысы бойынша жүргізіледі

4.6. Қоғам өзі салық төлемі бойынша міндеттемені алады

Болашақ энергетиктер арасында
физика-математика пәндері
бойынша республикалық
олимпиада туралы ереже»
1- қосымша

**Болашақ энергетиктер арасында физика-математика пәндері
бойынша республикалық олимпиадаға қатысу үшін
Өтінім**

1. ЖОО, мектептің толық атауы (қысқаша)

2. Ресми мекенжайы, телефоны, факс

3. Қатысушының аты-жөні, тегі (ұялы телефоны, электронды
мекенжайы)

4. Курсы, мамандығы _____

Білім беру ұйымының басшысы
қолы